

«Әлеуметтік-экономикалық даму және
2023 жылғы қаңтар-мамырдағы республикалық
бюджетті орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасы Ғ. Пірматовтың баяндамасы
Астана қ., 2023 жыл, 13 маусым

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

2023 жылдың мамыр айында әлемдік нарықтарда оң үрдіс сақталды. Қаржы нарығында тұрақтылық орнап, инфляция баяулай бастады. Алайда, әлемдік экономиканың даму перспективаларына жоғары белгісіздік әсер етіп отыр.

2-СЛАЙД. ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ОҢ АЙМАҚТА САҚТАЛУДА

Мамырда жаһандық іскерлік белсенділіктің қарқыны екпінді болды. **PMI жаһандық композиттік индексі** 2021 жылғы желтоқсаннан бастап максималды мән – **54,4-ке** дейін өсіп, төрт ай қатарынан оң аймақта келеді. Өндіріс пен жаңа тапсырыстар, сәйкесінше, 2021 жылғы желтоқсаннан және 2022 жылғы наурыздан бергі **максимумға** жетті.

Қазақстанда мамыр айында **іскерлік белсенділік оң** аймақта қалып, **50,6** болды. **Өндіріс** секторында индекс оң аймаққа өтіп, **50,2**, қызметтер секторында **51,1** мәнін құрады.

Бизнес-климат индексі 15,4 мәніне дейін **ұлғайды**. **Бизнестің** қазіргі және болашақ **жағдайын бағалау** жақсарып, **өндіріс пен қызметтердегі** көрсеткіш артты.

3-СЛАЙД. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ҚАРАМАСТАН ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫ ТҰРАҚТЫ

Биыл жыл басынан бастап **дамыған елдердің акциялары 7,6%-ға өсті**. Америка Құрама Штаттарында **10 жылдық мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілігі 3,64%-ға дейін 23 базалық тармаққа төмендеді**. Доллар индексі **0,78%-ға** нығайды.

Жыл басынан бері **кеңейтілген индекстегі акциялардың өсуіне** қарамастан, кең ауқымды экономиканың **барометрі** саналатын шағын капиталды акциялардың бағасы өзгеріссіз қалды. Бұл – **экономиканың өсу тәуекелдерін** білдіреді.

Пандемиядан кейін **Қытай экономикасы** баяу түрде қалпына келе бастады. Мамыр айындағы **өндірістік белсенділіктің** мәндері күткеннен төмен болып, COVID-ке қарсы шектеулер алынғаннан **ең төменгі** деңгейге жетті.

АҚШ-тағы және Еуропаның алпауыт елдеріндегі инфляция деңгейі баяулағанмен, **жоғары** күйінде қалды. Нарық **Еуропа Орталық Банкі мен Англия Банкінің** мөлшерлемелерді тағы да **көтереді** деп болжап отыр. Ал **Федералдық резерв жүйесі** мөлшерлемелерді арттыруды **тоқтата тұратыны** жайлы белгі бере бастады.

4-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНФЛЯЦИЯ ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ БОЛЖАМДАРЫНА СӘЙКЕС ҚАЛЫПТАСУДА

Қазақстандағы инфляция үш ай қатарынан баяулап, мамыр айында жылдық мәнде **15,9%-ға** дейін төмендеді. **Инфляцияның айлық деңгейі 0,6%-ды** құрады.

Жылдық мәндегі **азық-түлік инфляциясы** ақпан айындағы ең жоғары **26,2%-дан 16,5%-ға** дейін баяулады. **Азық-түлікке**

жатпайтын тауарлар инфляциясы – **17,2%-ға**, **ақылы қызметтер** инфляциясы **13,5%-ға** дейін бәсеңдеді. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша бензин мен дизель отынының шекті бағалары көтерілгендіктен жанар-жағармай бағасы өскенін атап өткен жөн.

Ұлттық Банк инфляцияның баяулау үрдісі одан әрі жалғасады деп күтеді.

Сыртқы экономикалық конъюнктураның жақсаруы инфляцияны тежеуге ықпал етеді. Ол азық-түлік бағасының одан әрі төмендеуінен және сауда-серіктес елдердегі төмен инфляциядан көрінеді. Базалық сценарийде белгіленген мөлшерге қарағанда бюджет шығыстарының айтарлықтай өсуі, жанар-жағармай мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қызметтері бағасының өсудегі жанама әсері, логистикалық және өндірістік жеткізу жолдарын қайта құру ісінің баға белгілеуге әсер етуі және инфляциялық күтулердің жоғары деңгейде бекітілу ықтималы инфляция болжамының тәуекелдеріне жатады.

Биыл 26 мамырда Ұлттық Банк тәуекелдер балансын ескере отырып, базалық мөлшерлемені **16,75%** деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Бұл елдегі инфляцияны одан әрі баяулатуға ықпал етеді.

5-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ НЫҒАЮЫ

Жыл басынан бастап мамыр айының соңына дейін **теңгенің** долларға қатысты **бағамы** 1 доллар үшін **448,16** теңгеге дейін **3,1%-ға** **нығайды**. Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Жыл басынан бері ұлттық валютаның нығаюы бірнеше факторларға байланысты болды.

Біріншіден, ел ішінде де, бейрезиденттер тарапынан да теңгедегі құралдардың тартымдылығы сақталып отыр. Биыл жыл басынан бастап депозиттерді долларландыру деңгейі 2022 жылғы желтоқсандағы 31,6%-дан осы жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша **29,3%-ға** дейін төмендеді. Қазақстан Республикасының **мемлекеттік бағалы қағаздарына** инвестициялаған **шетелдік инвесторлардың ағыны 94 млрд** теңгеге ұлғайды.

Екіншіден, қаңтар-мамыр айларында **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке **трансферттерді** қамтамасыз ету үшін **2,9 млрд** доллар мөлшерінде валютаны сатуы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің **1,6 млрд** доллар сомасына **валюталық түсімді сатуы** теңгеге қолдау көрсетті.

Теңге динамикасы **нарыққа қатысушылардың кутулеріне, әлемдік нарықтардағы ахуалға және геосаяси жағдайдың** өзгеруіне байланысты болады.

Ұлттық Банк **дисбаланстардың жинақталуын** болдырмайтын және **алтын-валюта резервтерінің сақталуын** қамтамасыз ететін **икемді бағам белгілеу** режимін ұстануды жалғастырады.

6-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

Жалпы халықаралық резервтер мамыр айының соңында **94,6 млрд** долларды құрады.

Еркін конвертацияланатын валютадағы активтердің ұлғаюына байланысты Ұлттық Банктің **алтын-валюта**

резервтері жыл басынан бастап **1,1%-ға** немесе **35,5 млрд долларға** дейін **0,4 млрд долларға** ұлғайды.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан бастап әлемдік индекстердің өсуі салдарынан **6,1%-ға** немесе **59,1 млрд долларға** дейін **3,4 млрд долларға** ұлғайды.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке **1,9 трлн** теңгеге трансферттер бөлу үшін жыл басынан бастап **2,9 млрд долларға** валюталық активтер сатылды. Қорға жыл басынан бастап түскен **жиынтық қаражат 2,4 трлн** теңгені құрады.

7-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бастап **1,2 трлн** теңгеге немесе **8,3%-ға** ұлғайып, мамыр айының соңында **15,8 трлн** теңгені құрады.

Жыл басынан бастап инвестициялық кіріс көлемі – **508,1 млрд** теңге, зейнетақы **жарналары – 837,4 млрд** теңге, зейнетақы **төлемдері – 100,9 млрд** теңге, мерзімінен бұрын **алу** сомасы – **62,8 млрд** теңге болды.

Зейнетақы активтерінің портфелін әртараптандыру және шетелдік нарықтарда инвестициялау мақсатында 2023 жылдың басынан бастап **1,1 млрд доллар** сатып алынды.

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы ахуалдың дамуын қадағалай отырып, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфляцияны одан әрі төмендету жұмысын жалғастыратын болады.

Назарларыңызға рақмет!